



PANORAMA: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ II

Құдай, табиғат пен ғаламшарға
қатысты альтернативті көзқарастар





Дәрістің мақсаты: жаңа заман кезеңіндегі Ғылыми революция мен ағартудың маңыздылығын және діндердің рөлін ашып көрсету.

Кілт сөздер: синкретизм, ислам, христиан діні, Ағарту қозғалысы, ғылыми революция, гелиоцентристік жүйе, табиғи құқықтар.

Бұл дәрісте біз ғылыми революция мен Ағарту қозғалысының жаңа білім жүйесін қалай ықпал еткендігін және XVII–XVIII ғасырлардағы Ислам мен христиан дінінің өсуін түсіндіруге тырысамыз.

Сіздер революция деген анықтаманы қалай түсінесіздер? Сондай-ақ, ғылыми революция деген құбылыс мектеп білімінен естеріңізде ме?

Айтқандарыңызды жинақтап әрі «Панорама: әлем тарихы» оқулығы бойынша баяндасақ, ғылыми революция деп біз ең алдымен, ғылым саласындағы өзгерістер уақытын айтамыз.

XVI ғасыр тек діни дағдарыстардың уақыты ғана емес, «Ғылыми революцияның» да ғасыры. Кейінгі орта ғасырдан мұраға қалған ескі көзқарастармен қатар, Құдай, Әлем мен Табиғатты қабылдаудың жаңа парадигмалары пайда болды. Олар рационалистік философия мен эмпирикалық бақылауға негізделді. Жаңа концепциялар мен ұстанымдардың күшін көрсеткеннен кейін Ғылыми революция Еуропадағы Ағарту қозғалысына негізін қалады. Ол философтардың рационалдық қоғамды құруға деген ұмтылысын сипаттады. Дәстүрлі діни дүниетанымға альтернативті дүниетанымның пайда болуы діннің ауысуына әкелмеді. Керісінше XVII мен XVIII ғасырлар Ислам мен Христиан дінінің ережелері ғана емес, Ғылыми революция мен Ағартудың өсуімен сипатталады.

XVI ғасырда Еуропада басталған ғылыми революцияны түсіндіргенде міндетті түрде жаңа жерлердің ашылуы мен Афроеуразияның алшақ аймақтары арасындағы байланыстардың күшеюіне әкелген Ғаламдық конвергенция тұрғысынан қарастыруымыз қажет. Бұл құбылыс туралы алғашқы дәрісімізде қарастырған едік.

Сәл артқа шегініп, ғаламдық конвергенция дегеніміз не екенін есімізге түсірейікші, яғни ғалымдық конвергенция сіздердің анықтамаларыңыз бен кітаптың мазмұнына сәйкес діни, мәдени салада да орын алған. Халықтардың жақындасуы, олардың арасындағы мәдени мен рухани алмасуға да әкелді. Еуропалықтардың өз діндеріне бейтаныс мәдениеттер мен өркениеттерді ашуы еуропалық дінбасылардың сол аймақтарға ұмтылысын ғана күшейтіп қоймады, құрлықта христиан дініне қатысты скептицизмді де арттырды. Еуропадан мыңдаған шақырыммен бөлінген аймақтар туралы және оларды мекендеген халықтар жайлы білімдер антикалық және ислам ғылымы, философиясына қызығушылықтың артуымен тұспа-тұс келді. Сонымен қатар, арабтық талдаудағы гректік ой, мұсылмандық философия мен осыған дейін белгісіз болған еуропалық халықтармен байланыстан туған шок өзгерістерді талап етті. Бұл өзгерістер ортағасырлық әлем мен адамзат баласына қатысты дүниетанымдық парадигманың сынға алынып, оның орнын алмасуына әкелді.

Жаңа дүниетанымға сәйкес осыған дейінгі діни постулаттармен орнатылған ғылыми дүниетаным да өзгеріске түсті. Жаңа әлемдік танымның пайда болуының айқын мысалы ретінде Торунь поляк қаласының ғалымы ұсынған гелиоцентристік жүйе туралы теориясын айтуға болады. Николай Коперник Жер ғаламшарының тұйық орталық екендігіне күмән туғызды. Оның ойынша мұндай жағдай аспан денелерінің қозғалыстары туралы жинақталған білімге сәйкес келмейтін еді.

Николай Коперник осыған дейінгі діни христиандық әлемге қайшы келетін жаңа көзқарасты ұсынды. Оның өзінің есебі бойынша статикалық есеп нүктесі ретінде Жер емес, Күн орталыққа қойылды. Осы жаңашылдығы еуропалық ойлау жүйесіне эпистомологиялық төңкеріс жасады.

Әлемнің геоцентристік жүйесі туралы идея Николай Коперниктің ұзақ жылдық тәжірибесінің нәтижесі болды.

Сіздерде осындай идеяның теориялық негізі бар ма? «Оған дейін осындай ойлар айтылмады ма?» деген сұрақтар туындауы мүмкін. Ресейлік жаратылыстану саласының ғалымдарының сипаттауынша Коперник Птоломейдың «Алмагестінде» ұсынған әлемнің геоцентристік жүйесі туралы ойды дамытуға ұмтылған. «Панорама. Әлем тарихы» кітабында атап өтілгендей,



Клаудиус Птоломей II ғасырдағы грек ғалымы және Мысырда, Александрияда өмір сүрген. Ол өзінің «Алмагест» еңбегінде орталығы Жер және оның айналасын аспан денелері айналатын геоцентристік әлем үлгісін ұсынды. Птоломейдың ой-пікірі астрономияда кейінгі 1300 жыл бойы өз күшін сақтап қалды.

Коперникке дейінгі осы бағыттағы көптеген еңбектер деференттер мен эпициклдардың элементтерін нақты анықтамасын беруге бағытталған. Бұл элементтер арқылы Птоломей аспан денелерінің қозғалысын көрсетуге тырысты. Коперник болса, көзге көрінетін аспан денелерінің қозғалысы мен Күннің арасындағы бағыныштылықты байқап, Птоломейге белгілі болған әлемнің геоцентристік жүйесін құрды. Оның арқасында геоцентристік көзқарасы тұрғысынан түсініксіз болған планеталардың қозғалысының заңдылықтарына дұрыс түсіндірме берілді. Атап өтерлігі, Жердің Күнді айналатындығы туралы идеяны алғаш рет астроном Аристарх Самосский шамамен б.з.д. 280 жылы айтқан екен.

Коперниктың гелиоцентристік жүйе туралы идеяның философиялық маңыздылығы оның осыған уақыт дейін әлемнің орталығы болған Жерді планеталардың бірі деңгейіне төмендетуінде еді. Әлемнің бірлігі туралы жаңа идея, яғни «аспан» мен «жердің» бірдей заңдарға бағынатындығы туралы ой пайда болды. Католиктік шіркеу Коперниктың көзқарастарының революциялық мазмұнын Г. Галилей мен басқа да оның ізбасарлары ісін жалғастырғаннан кейін ғана қабылдады. 1616 жылы инквизиция декретімен Коперниктың еңбегі «Тыйым салынған кітаптардың» қатарына «қайта түзетуге» жіберіліп, 1828 жылға дейін тыйым салынып келді.

Кейіннен Коперниктің жүйесі қатты өзгеріске ұшырады. Иоганн Кеплер, даттық астроном Тихо Браге (ескі геоцентристік жүйе теориясын жақтаушы) жинаған мәліметтерді пайдаланып, планеталар, соның ішінде Жер де шеңбер емес эллипс траекториясын бойынша қозғалатынын сызып көрсеткен, ал Күн осы эллипстың екі фокусының біреуінде орналасқан деп қорытынды жасайды. Басқа итальяндық ғалым Джордано Бруно ғаламшарды үздіксіз ағза, ал күн жүйесін онда орналасқан басқа жүйелердің мириадалардың бірі деп есептеуді ұсынды. Бруно параллельдік әлемдер мен келімсектер туралы идеяның негізін қалаушы деп санауға болады.

Коперниктің идеяларын дамытуда маңызды рөлге итальяндық ғалым Галилео Галилей ие болды. Оның сипаттауынша, «табиғат кітабы біздің алдымызды ашық жатыр және ол математика тілінде жазылған». Галилей өзінің ойына берік болып, математикалық аппарат арқылы гелиоцентризмнің дәстүрлі, птоломейлік үлгіден артықшылықтарын көрсетуге тырысты. 1633 жылы шіркеулік инквизиция Галилео Галилейды еретик деп жариялап, қоғамға гелиоцентристік жүйені қорғағаны үшін өмірінің соңына дейін үй тұтқынына қамалды. Оның «Екі негізгі әлем жүйесіне қатысты диалогында» (1632 ж.) телескоптық бақылаулар арқылы дәлелдеумен логикалық талдау жасап, Коперниктің өзгерткен жүйесі Птоломейдың үлгісіне қарағанда құбылыстарды түсіндіруде әлдеқайда күшке ие екендігін атап өтті.

Ғылыми революция бастапқы уақытта мағынасы бойынша бір-біріне қарама-қайшы аяқастынан пайда болатын жаңа теориялардың есебінен дамып жатты. XVII ғасырда ғылыми қызмет осыған дейін жетіспеген жүйелілікке қол жеткізді. Институционалдық деңгейде бұл алғашқы ғылым академияларының құрылуынан көрініс тапты. Мысалы, Лондонда Білімдерді дамыту мен табиғат бойынша Корольдік қоғамы (1660 ж.), Парижде 1666 ж., Берлинде 1700 ж. және Санкт-Петербургте 1724 жылы құрылды. Ал абстрактілік-эпистемологиялық деңгейде жүйелілік ғылыми әдісті қалыптастыруда басымдыққа ұмтылған екі философиялық жүйенің бірігуінде көрініс тапты. Рационализм теориясының жақтаушылары Рене Декарт пен Готфрид Лейбниц білімді алуда оған жететін ақыл-ойдың құрылымы тұрғысынан қарау қажет, яғни сезімдерге байланыссыз математикалық және метафизикалық концепция тұрғысынан қарау қажет деп есептеді. Керісінше олардың қарсыластары – эмпириктер (Фрэнсис Бэкон, Джон Локк және басқалар) барлық түсіну тәжірибеден шығады және тәжірибе арқылы ғана дәлелденеді немесе жоққа шығарылады. Рационализм мен эмпиризм көзге көрінетін қарама-қайшылығына қарамастан, ғылыми процестің әртүрлі аспектілерін атап көрсетті және осы арқылы өзара әрекеттесе отырып, ғылымның маңыздылығын арттырды. Алдыңғы толқын ғалымдардың ойларын жинақтай отырып, Ньютонның механикасы рационализмнің математикалық өнертапқыштығы мен эмпирикалық физиканың байқағыштығын біріктірді. Ағылшын ғалымы Исаак Ньютон *Philosophiae Naturalis Principia Mathematica* (1687) атты еңбегін жариялады. Онда ол әмбебап гравитация және қозғалыс заңдарын сипаттап, гравитация мен



Кеплердың планетарлық қозғалыс заңдары арасында байланысты көрсетіп, осы арқылы гелиоцентристік теорияны дәлелдеді.

Ғылыми революция әлемді қабылдаудың жаңа көзқарасын қалыптастырып, Ағарту деп аталған еуропалық интеллектуалдық тарихқа негіз болды. Ағарту қозғалысы шын мәнісінде халық санасын оятып, еуропалық ой-санаға өзгеріс енгізді. Ағарту қозғалысының өкілдері пікірлерінің айырмашылықтарына қарамастан, жаратылыстану ғылымдарындағы адамзат баласын түсінуге қатысты рационалистік ұстанымның қисындылығын көрсетуге ұмтылды; қоғамдағы рационалдықты көрсетіп, рационалдық еместен бас тартуға ұмтылыс қоғамдағы Ескі тәртіпті (французша ancien regime) сынға алуға ұласты. Мұраға қалған артықшылықтарға негізделген Ескі тәртіп, яғни Ағарту философтары бағалауынша билік пен бағыныштылардың өзара байланысының сословиелк жүйесі фундаментализм ойымен қарама-қайшы келеді. Ол бойынша ақыл-ойдың ортақтығы, барлық болмаса да, тіпті, ер азаматтар арасындағы теңдікке негізделді. Джон Локк, ағылшын ойшылы адамға тиесілі табиғи өмір сүру, бостандық пен меншік құқықтары туралы идеяны ұсынды. Кітапта атап өтілгендей, табиғи құқықтар дегеніміз – адамның табиғаты мен қасиетті күшпен берілген ажыратылмас пен әмбебап құқықтары.

Бұл құқықтар кез келген мемлекеттің шектеуші қағидаларына, жазылмаған болса да конституцияның лейтмотивына айналуы керек. Локктың француздық әріптестері – Дени Дидро, Вольтер, Руссо және басқалары Ағартудың эгалитарлық идеалына жету жолындағы қоғамдық кедергілерді сынға алды. Бұл кедергілердің арасында кей ғалымдар Шіркеуді, Руссо мен оны қолдағандар жекеменшікті, үшіншілері – халықтың надандығы, төртіншілері – Ресей патшайымы Екатерина II-шінің сөзімен айтқанда, «адами жақсы мінез-құлықтармен шектелмеген дара билік» қарастырылды. Әсіресе соңғы топтағылар «ағартылған деспоттары», яғни өзінің абсолюттік билігін Ағарту бағдарламасы бойынша білімді дамыту, рационалдық кеме жасау, әділетті салық салу сияқты жекелеген пункттерін жүзеге асырушы құрал ретінде қарастырған монархтар жатты.

Атап өтерлігі Ағарту қозғалысы өкілдерінің еңбектері арасында, мысалы, Руссо еңбегінде құқықтар саласында ер азаматтың басымдығы туралы атап өтілді. Оған жауап ретінде британдық автор Лаетиция Хоукинс 1792 жылғы «Әйел ойындағы хаттарында»: «әйел адамның интелектісінің күші аз және өткірілгі басым...» екендігіне келісіп, «Біз табандылықты аз көрсетіп, сергектікті көбірек көрсетеміз», – деп тұжырымдайды. Хоукинс пен басқа да әйелдердің бұл талқылауы XVIII ғасырдың аяғында әйел құқықтары туралы жаңа талқылауға жол ашты.

Қысқамерзімдік перспективада осы кезеңнің ойшылдарының сыни талпынысын бәсеңдетуге мүмкіндік берді: олардың идеялары ескі тәртіптік иерархияның ішіндегі өз жағдайына риза болмаған буржуазияның өсуіне байланысты күрестің мықты пропагандалық құралына айналды. Ағарту қозғалысының постулаттарының таралуына сауаттылық деңгейінің артуы, экономикалық бақуаттылық жағдайының өсуі, баспа ісінің дамуы ықпал етті. Қарапайым адамдар Вольтердың танымал еңбектерінен негізгі ғылыми мен қоғамдық ағымдар туралы біле алды. Сондай-ақ, Пьер Бейльдің сөздігінен, Дени Дидро мен Жан Лерон Д'Аламбердың көптомдық Ғылымдар, өнер мен қолөнер Энциклопедиясынан қажетті білімді ала алды.

Осылайша, ақыл-ойдың идеалы идеясын басшылыққа алған Философиялық Ағарту қоғамды «өткеннің архаикалық наным-сенімдерінен» тазартатын нағыз Революцияға дайындады.

Жоғарыда айтып өтілгендерге қарамастан табиғатқа қатысты жаңа көзқарас ұсынған Ғылыми революция да, сыни тұрғыда қараған Ағарту қозғалысы да діннің аяқталғандығын білдірмеді. Керісінше Коперник, Галилео мен Вольтердің уақыты – бұл әлемдік діни жүйелердің, ең алдымен Ислам мен Христиан дінінің драматикалық экспансия кезеңі.

Исламның күшеюі екі бағытта болды: оңтүстік-батыстық бағытта – Сахара арқылы Орталық пен Батыс Африкаға қарай, екіншісі оңтүстік-шығыста Үндістан, Индонезиялық архипелаг пен Филиппинге қарай дамыды. Бұл процеске біріншіден, XVII ғасырда Ұлы Моғолдар империясы, XVIII ғасырда аймақтық теңіз державасына айналған Осман сұлтанаты сияқты мұсылмандық державалардың күшеюі ықпал етті. Өзгеруші әлемдік экономиканың рөлі де маңызды болды: билеушілермен бірге пайғамбардың сөздерін негізгі тасымалдаушылар саудагерлер, теңізде жүзушілер мен голландық Ост-үнді компаниясымен Кап отарына экспортталатын құлдар да болды.



Әдетте жаңа аймақтарда Ислам жергілікті наным-сенімді сіңіріп, осы арқылы синкретикалық сипатқа ие болды. Мысалы, осы жағдай Бенгалияда болып, онда Ислам суфийлік дервиштермен әкелінді. Бұл көп адамдық ауылшаруашылық аймақта политеистік үндіс дәстүрлері – культтер, қасиетті орындар, сенімдер мен т.б. құбылыстардың тұтас жиынтығы мұсылмандық дін шеңберінде реинтерпретация мен кооптация процесінен өтті. Ұқсас жағдай оңтүстік-шығыс Азияда да, Зондтық аралдар мен оңтүстік Филиппин аймағында (Миндандао) орын алып, онда Ислам испандықтар әкелген Христиан дінімен қатар келді.

Ислам сияқты Христиан діні батыс еуропалық корольдіктердің геосаяси маңыздылығының артуы, сонымен қатар, ғаламшардың алшақ аймақтарының арасындағы сауда байланыстарының дамуы есебінен таралды. Орталық пен оңтүстік Америкадағы испан үстемдігі, Бразилия мен Анголадағы португалдық қатысу жергілікті халықтың католиктік сенімге өтуін білдірді. Жаппай жаңа дінге өту әдетте атүсті болғандығы даусыз және жергілікті халық отарлық биліктің христиандық дінін отарлауға дейінгі уақыттағы діни тәжірибелер мен концепциялар тұрғысынан қарады. Мысалы, Мексикада Нахуатль үндістері – оларға Ацтектер де жатты, католиктік дінбасыларды осыған дейінгі ацтек абыздары сияқты теопантлактар деп атады. Орталық Америкадағы католицизм жергілікті және сенімдердің ықпалымен синкретикалық пантеонға жол берді. Ол бойынша католиктік әулие-әнбиелермен қатар өзгертілген түрде болса да, ежелгі үндіс діндерінің тәңірлері болды.

Діндегі синкретизм деп әртүрлі діни сенімдердің араласуы немесе екіден аса діни сенімнің бір дінге сіңісуін айтамыз. Синкретизм исламның индуизм, Буддизм, христиан діні мен жергілікті діндермен араласу жағдайлары болды.

Христиандық миссионерлер Азияда мемлекеттік қолдауға ие болмай, аса ұқыптылықпен қимылдауы тиіс болды. Олар Қытай мен Жапонияда орныққан культтер – Конфуцийшілдық, Дзен Буддизм, Синтоизм, Даосизм және т.б. бетпе-бет келді. Олардың жалғастырушылары белгілі бір дәрежеде мемлекеттік аппаратпен өзара әрекеттесті; мұны байқаған католиктік шіркеу өз эмиссарлары – иезуиттік орденның мүшелеріне билігі барларды итермелеуге шақырды. Сонымен қатар, қалыптасқан культтармен параллель жүргізіп, халыққа түсінікті діни концепцияларды пайдалануға үндеді. Бұған қарамастан, христиандық қызмет етушілер биліктің толық қолдауына ие бола алмады. Мұның дәлелін 1704 жылы Қытайда маньчжурлардың миссионерлерді қуып жіберуінен көре аламыз.

Жоғарыда айтып өтілгендер билік мәселесі мен сенім мәселесінің қаншалықты байланысты екендігін көрсетеді. Исламның өсуі көбінесе мұсыландық империяларды экспансионистік динамикада дамыды; христиандық миссионерлер Испандық отарлық империяларында өз дініне өткізуде елеулі жетістіктерге жетті.

Сұрақтар

1. Ғылыми революция дегеніміз не?
2. Коперниктың теориясының жаңашылдығы неде?
3. Галилео гелиоцентристік теорияны қалай дәлелдеді?
4. Ағарту қозғалысының маңыздылығына тоқталыңыз.
5. Осы кезеңдегі синкретизмнің мысалдарын келтіріңіз.

Әдебиеттер

1. Leonard Guelke, «Freehold Farmers and Frontier Settlers, 1657–1780,» in Elphick and Giliomee, *Shaping of South Africa*, 66.
2. Laetitia Matilda Hawkins, «Letters on the Female Mind, Its Powers and Pursuits. Addressed to Miss H. M. Williams, with Particular Reference to Her Letters from France, 1793.» Reprinted in Vivien Jones, *Women in the Eighteenth Century: Constructions of Femininity* (New York: Routledge, 1990), 118.



3. Samuel Johnson, A Dictionary of the English Language, 1st ed. (London:Times, 1983).
4. Michael Pearson, The Indian Ocean (New York: Routledge, 2003), 173.
5. John McManners, The Oxford Illustrated History of Christianity (Oxford:Oxford University, 2001), 310.
6. John K. Thornton, The Kongolese Saint Anthony: Dona Beatriz Kimpa Vita and the Antonian Movement, 1684–1706 (New York: Cambridge University Press, 1998), 211–213.